

ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Жуырда Қарағанды қаласында дзюдодан 2006-2007 жылы туылған жасөспірімдер мен қыздар арасында облыс чемпионаты өтті. Осы чемпионаты жан-жақтан 257 спортшылар қатысып, өз бақтарын сынасты. С.Сейфуллин атындағы кенттік балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері қатысып, Нұрғабылқызы Қарлығаш 40 кг салмақта бірінші орын, Рамазанова Еркежан 57 кг салмақта үшінші орын, 63 кг салмақта Бекмағанбетова Жансая үшінші орын иеленіп, барлығы Қазақстан чемпионатына жолдама алды.

Осы жетістіктерге қол жеткізуге ат салысып, жастардың спортқа деген құштарлығын арттырып, шәкірттерін қанаттандырып жүрген жаттықтырушысы, «Қазақстан-Барысы» облыс деңгейіндегі жүлдегері, талай жас өскіндерді түлеткен

Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер Каниев Ертай Айтмұхаметұлының еңбегі зор. Ертай Айтмұхаметұлының еселі еңбегіне толағай табыс, шәкірттері әрдайым биік

тұғырдан көріне берсін демекпіз.

М.ҚАСҚАТАЕВА,
Сәкен Сейфуллин атындағы кент әкімі аппаратының әлеуметтік бөлімінің бас маманы.

